

## Түркістан қаласындағы қонақ үй ғимараты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 қараша N 1742

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Локстен инвестментс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Жәйрем кен-байыту комбинаты" ашық акционерлік қоғамының Түркістан қаласындағы қонақ үй ғимаратының (бұдан әрі - қонақ үй ғимараты) құрылыс шарттары жөніндегі (2000 жылғы 17 мамырдағы N 00/971 құрылысқа мердігерлік шарты, 2000 жылғы 22 мамырдағы N 032/10-00 шарты және 2000 жылғы 27 мамырдағы N Ф-50/2000 құрылыс жұмыстарын жүргізу шарты) барлық құқықтарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім

бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен қонақ үй ғимаратын өз теңгеріміне қабылдай отырып, осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.